

**Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитеті Хатшылығының
Құқықтық департаменті басшысының орынбасары лауазымына бекітуге Қазақстан
Республикасы кандидатурасын ұсыну туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 қыркүйектегі № 1037 Қаулысы

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық кеңесінің 2001 жылғы
31 мамырдағы № 14 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық қоғамдастық
органдарының лауазымды тұлғалары туралы ережеге сәйкес Қазақстан
Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасына бекітілген квотаға сәйкес Еуразиялық экономикалық
қоғамдастықтың Интеграциялық комитеті Хатшылығының Құқықтық департаменті
басшысының орынбасары лауазымына бекітуге Қазбек Малдыбайұлы Малдыбаевтың
кандидатурасын ұсыну туралы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің
ұ с ы н ы с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. "Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитеті
Хатшылығындағы Қазақстан Республикасына бекітілген квотаға сәйкес лауазымға
кандидатураны бекітуге ұсыну туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008
жылғы 21 сәуірдегі № 372 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі *Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*
К.Мәсімов